



**Республикалық бюджет қаражаты есебінен орындалатын  
топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстардың тізбесін бекіту  
туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 30 қараша N 1273.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 16 шілдедегі  
№ 542 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 542 (алғашқы ресми  
жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)  
қаулысымен.**

"Геодезия және картография туралы" Қазақстан Республикасының 2002  
жылғы 3 шілдедегі Заңының 5-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының  
Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Республикалық бюджет қаражаты есебінен  
орындалатын топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстардың  
тізбесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2002 жылғы 30 қарашадағы  
N 1273 қаулысымен  
бекітілген

**Республикалық бюджет қаражаты есебінен орындалатын  
топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстардың  
Тізбесі**

1. Жердің пішінін, мөлшері мен сыртқы гравитациялық өрісін анықтау.
2. Жерді дистанциялық зондтау және геодинамикалық зерттеу.
3. Тығыздығы мен дәлдігі мемлекеттік топографиялық карталар мен  
жоспарлар жасауды қамтамасыз ететін барлық кластағы мемлекеттік  
астрономиялық-геодезиялық, жерсеріктік геодезиялық және нивелирлік  
желілерді, іргелі және бірінші класты гравиметриялық желіні жасау, дамыту,



